

SHAKARIM UNIVERSITY

1934

**«ШӘКӘРІМ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
ПРОФЕССОРЛЫҚ – ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫ
МЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ
АР-ҰЖДАН КОДЕКСІ**



«ШӘКӘРІМ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ

БЕКІТЕМІН

Басқарма Төрағасы-ректор

Д. Орынбеков

« 08 » 2025ж.




**«ШӘКӘРІМ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ ПРОФЕССОРЛЫҚ –
ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫ МЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ
АР-ҰЖДАН КОДЕКСІ**

Семей
2025 жыл


ӘЗІРЛЕНДІ

Сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне қарсы іс-қимыл
жөніндегі әдеп уәкілі


 "04.12" 2025 ж. Н.Газизова

КЕЛІСІЛДІ


Басқарма мүшесі – стратегия және
элеуметтік даму жөніндегі проректор

 "04.12" 2025 ж. А.Қасымов


Басқарма мүшесі - академиялық
мәселелер жөніндегі проректор

 "04.12" 2025 ж. Б.Дәрібаев

Басқарма мүшесі - ғылым
жөніндегі проректор

 "04.12" 2025 ж. Ж.Қалибекқызы


Басқарма мүшесі –
интернационалдандыру және
инновациялар жөніндегі проректор

 "04.12" 2025 ж. Е.Дулатбай

Аппарат басшысы

 "04.12" 2025 ж. М.Карибаев

Комплаенс-қызметінің басшысы

 "04.12" 2025 ж. Ж.Аубакиров

Мазмұны

1. Жалпы ережелер
2. Негізгі принциптер және корпоративтік құндылықтар
3. Университет оқытушысы мен қызметкерлерінің білім алушылармен қарым-қатынасы
4. Әріптестер арасындағы қатынастар
5. Университет оқытушысы мен қызметкерінің жол берілмейтін әрекеттері
6. Кодекстің қолданылу шегі. Кодекс талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік. Кодексті қайта қарау тәртібі

1. Жалпы ережелер

1.1 «Шәкәрім университеті» КеАҚ профессорлық - оқытушылар құрамы мен қызметкерлерінің Ар-ұждан кодексі (бұдан әрі-Кодекс) университеттің қызметтік этика және академиялық адалдық нормаларының, сондай-ақ университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерінің мінез-құлық ережелері мен қағидаттарының жиынтығын айқындайтын құжат болып табылады.

1.2 Осы Кодекстің барлық нормаларын іске асырудың басты мақсаты - университет қоғамдастығының корпоративтік мәдениетін нығайту, университет оқытушылары мен қызметкерлерінің беделін арттыру.

1.3 Кодексте атқаратын лауазымына, мәртебесіне қарамастан - университет ішінде университет ұжымының барлық мүшелеріне қолданылатын тәртіп ережелері мен стандарттары қамтылған.

1.4 Университеттің әрбір оқытушысы мен қызметкері осы Кодекстің нормаларын мүлтіксіз сақтай отырып, оның имиджі мен іскерлік беделін нығайтуға өз үлесін қосады.

1.5 Профессорлық-оқытушылық құрамы мен қызметкерлер университетте жұмысқа орналасқаннан кейін үш күн мерзімде осы Кодекстің мәтінімен жазбаша нысанда, құрылымдық бөлімшенің тікелей басшысы таныстыруға тиіс.

1.6 «Шәкәрім университеті» КеАҚ профессорлық - оқытушылар құрамы мен қызметкерлерінің «Ар-ұждан» кодексі аталған нормативті-құқықтық актілерді басшылыққа ала отырып құрастырылды:

- Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы.

- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

- Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі.

- Университеттің ішкі нормативтік құжаттары.

2. Негізгі принциптер мен корпоративтік құндылықтар

2.1 Өз қызметінде университет оқытушылары мен қызметкерлері төмендегі моральдық және этикалық қағидаттарды:

- тек білім алушылардың, ұжымның және жалпы қоғамның мүддесі үшін шешім қабылдауы;

- өзін, әріптестерін және университет қауымдастығын беделін түсіруге бағытталған іс-әрекеттер жасауға жол бермеуі;

- өзінің педагогикалық және қызметтік міндеттерін адал және сапалы орындауы;

- университетте сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жол бермеуі;

- егер сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпараты болса, өзінің тікелей басшысын немесе университет басшылығын, комплаенс-офицерді дереу жазбаша нысанда хабардар етуі;

- мүдделер қақтығысының алдын алу және шешу бойынша шаралар қабылдауы;
- қызметтік функцияларды орындаудың нәтижелі, ашық тәсілдерін, ең тиімдісін табуға және пайдалануға ұмтылуы;
- қарамағындағылардан лауазымдық өкілеттіктерінен тыс тапсырмаларды орындауды талап етпеуі;
- өзінің және отбасы мүшелерінің қызметтік өкілеттіктерін пайдалана отырып, өздері үшін ешқандай игіліктер мен артықшылықтар қабылдамауы;
- қызметтік жағдайды теріс пайдаланудан, өзімшілдіктен немесе басқа да жеке мүдделерден аулақ болуы;
- пара немесе пара ретінде қарастырылуы мүмкін әрекеттерге жол бермеуі;
- қызмет бойынша құқыққа қарсы әрекетті бүркемелеуге, жасырып қалуға жол бермеуі;
- жұмысқа/қызметке қабылдау және жоғарылату кезінде отбасылық, туыстық жағдайдың орын алуына жол бермеуі;
- қызметтік шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде жеке және заңды тұлғаларға, әріптестерге құқыққа сыйымсыз артықшылық бермеуі;
- шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде жеке және заңды тұлғаларға, әріптестерге құқыққа сыйымсыз артықшылық бермеуі;
- еңбек тәртібін сақтау, басшылардың бұйрықтары мен өкімдерін уақтылы орындауы;
- қызметтік ақпаратты, жария етпеуі (оның ішінде мессенджерлер мен әлеуметтік желілер арқылы);
- Қазақстанда тұратын барлық халықтардың салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптары мен тілдерін құрметтеуі;
- лауазымдық өкілеттіктерін орындауға байланысты бағыныштылардың, білім алушылардың және т.б. қызметтерін жеке мақсатта пайдаланбауы;
- әріптестермен және білім алушылармен қатынас жасауда іскерлік этикет пен ресми мінез-құлық ережелерін сақтауы;
- қызметтен тыс уақытта мінез-құлық стандарттарын сақтау, қоғамға жат мінез-құлық жағдайларына жол бермеуі;
- өз діни сенімдерін ұжымда көрсетпеу, не қарамағындағыларды заңсыз қоғамдық құрылымдар мен діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың қызметіне қатысуға мәжбүрлемеуі;
- сыртқы келбетінің ресми, ұстамды және ұқыпты болуын қадағалауы;
- бейдж тағып жүруі;
- көпшілік алдында сөйлеуге байланысты мінез-құлық стандарттарын сақтауы;
- өзінің кәсіби білімін үздіксіз жетілдіруі;
- жеке пайда, теріс көріністер, сыбайлас жемқорлық және парақорлық фактілерін ескере отырып, жол бермеуі;
- академиялық адалдық пен жауапкершілікті жариялау, жоғары оқу орындарының үздік дәстүрлерін, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарын сақтау және дамытуы;

- ұжымда тұрақты және жағымды моральдық-психологиялық жағдай жасауда үлгі көрсетуі;
- басқа қызметкерлер тарапынан осы Кодекстің нормаларын бұзу фактілеріне жол бермеуге және жолын кесуі;
- университеттің мүлкін ұқыпты және тиімді пайдалануы;
- осы Кодексті басшылыққа алуы тиіс.

3. Университет оқытушысы мен қызметкерлерінің білім алушылармен қарым - қатынасы

3.1 Білім алушылармен қарым-қатынаста университет оқытушылары мен қызметкерлері орындауы тиіс:

- жасына, жынысына, ұлтына, дініне, азаматтығына, тегіне, әлеуметтік жағдайына немесе кез келген басқа жағдайларға қарамастан адамның құқықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуі;

- мұқтаж әрбір білім алушыға моральдық-психологиялық және кеңестік көмек көрсетуі;

- оқытушы, адамгершілікке тәрбиелеуші ретіндегі өз міндетін үнемі есте сақтауы;

- білім алушылардың университеттің оқыту жүйесіне деген сенімін нығайтуға ықпал етуі;

- білім алушыларға қатысты қаржылық және өзге де бопсалау фактілеріне жол бермеуге, өз әріптестері тарапынан мұндай әрекеттердің жолын кесуге күш салуға;

- өз іс-әрекеттерімен білім алушылар мен қоғам тарапынан негізделген сынға себеп бермеуге, оларға төзімділікпен қарауға, кемшіліктерді жою және кәсіби қызметін жақсарту үшін конструктивті сынды қабылдауға;

- білім алушыларға дөрекі және адамгершілікке жатпайтын қарым-қатынас жасамауға, оның адамдық қадір-қасиетін қорламауға;

- мүдделер қақтығысы туындаған кезде білім алушы-оқытушы - университет, білім алушы-отбасы және т.б., университет оқытушысы, егер оларды жүзеге асыру білім алушының өзіне немесе айналасындағыларға тікелей зиян келтірмесе, білім алушының мүдделеріне басымдық берілуі.

3.2 Қызметкерлер мен оқытушылардың академиялық адалдықтың этикалық қағидаттарын енгізудегі жауапкершілігі:

- ПОҚ және университет қызметкерлері академиялық адалдықтың көрінісін анықтауға, алдын алуға жауапты. Оқу үрдісіне қатысушылар академиялық адалдық принциптерін бұзғаны үшін моральдық жауапкершілікке ие екенін есте ұстауы керек.

3.3 ПОҚ, университеттің қызметкерлері қызметтік нұсқаулық шеңберінде қызмет атқаруға міндетті.

4. Әріптестер арасындағы қарым-қатынас

4.1 Университет оқытушылары мен қызметкерлері арасындағы қарым-қатынас өзара құрметке, сенімге негізделуі және білім алушының мүдделерін сақтаумен ерекшеленуі тиіс.

4.2 Әріптестермен қарым-қатынаста университет оқытушылары мен қызметкерлері адал, әділ, қайырымды, әдепті, сыпайы болуға, сондай-ақ олардың білімдері мен тәжірибелеріне құрметпен қарауға, өз тәжірибелері мен білімдерін олармен риясыз бөлісуге дайын болуға тиіс.

4.3 Қызметкерлерді басқарудың моральдық құқығы жоғары кәсіби құзыреттілік пен жоғары адамгершілікті талап етеді. Әріптеске қатысты сын дәлелді болуы және жеке басының ар-намысын қорлайтындай болмауы керек. Кәсіби іс-әрекеттерді сынауға болады, бірақ әріптестердің жеке басын сынауға болмайды. Әріптестердің беделін түсіру арқылы өз беделіңізді нығайтуға тырысуға жол берілмейді. Университет оқытушылары мен қызметкерлері білім алушылар және олардың туыстарының қатысуымен әріптестері мен олардың жұмысы туралы жағымсыз сөздер айтуға құқығы жоқ.

5. Университет оқытушысы мен қызметкерінің жол берілмейтін әрекеттері:

5.1 университеттің оқытушысы немесе қызметкері өз мәртебесін, білімін және ережелерін теріс пайдалануға құқылы емес, атап айтқанда:

- өз білімі мен мүмкіндіктерін адамгершілікке жатпайтын мақсаттарда пайдалануға;

- студентті жазалау мақсатында, сондай-ақ үшінші тұлғалардың мүддесі үшін әріптеске стандартты емес әсер ету әдістерін қолдануға;

- әріптеске, білім алушыға өзінің жеке философиялық, діни және саяси көзқарастарын үгіттеуге;

- әріптеске, білім алушыға қасақана да, немқұрайлылықпен де психологиялық, моральдық немесе материалдық зиян келтіру және осындай зиян келтіретін үшінші тұлғалардың іс-әрекеттеріне немқұрайлы қарауға;

- деректерді бұрмалау, ойдан шығарылған немесе әдейі бұрмаланған материалдарды ұсынуға;

- бағалау ведомостарын немесе басқа құжаттарды қолдан жасау, емтихан материалдарын кафедра меңгерушісінің рұқсатынсыз білім алушыларға немесе басқа тұлғаларға ұсынуға, сатуға.

5.2 Университет оқытушысының немесе қызметкерінің жеке көзқарасы және басқа да кәсіби емес себептер оқыту мен тәрбиелеуге әсер етпеуі керек.

5.3 Білім алушылардан сыйлықтар қабылданбайды. Сыйлықтар қызмет көрсету үшін берілмеуі немесе алынбауы керек. Қолма-қол ақша немесе бағалы сыйлықтар түрінде сыйлықтар алуға тыйым салынады.

5.4 Университет оқытушысы мен қызметкерінің өз жағдайын, әріптесінің, білім алушылардың эмоционалдық жағдайын пайдалана отырып, онымен мүліктік мәмілелер жасауға, олардың еңбегін жеке мақсатта пайдалануға, сондай-ақ бопсалау мен паракорлықпен айналысуға құқығы жоқ.

5.5 Университет оқытушысы мен қызметкері өз қызметі барысында басқа әріптестеріне, білім алушыға анықталмаған, толық емес немесе бұрмаланған ақпарат беруге құқылы емес.

5.6 Сараптамадарға, консилиумдарға, комиссияларға, консультацияларға және т.б. қатыса отырып, университет оқытушысы мен қызметкері өз ұстанымы туралы анық және ашық мәлімдеуге, өз көзқарасын қорғауға, ал оған қысым жасалған жағдайда - заңдық және қоғамдық қорғауға жүгінуге міндетті.

5.7 Университет оқытушысы мен қызметкері ғылыми этика нормаларын бұзуға жол бермеуі тиіс:

- Плагият - өз авторларының рұқсатынсыз басқалардың идеяларын, жұмыстарын, зерттеу нәтижелерін немесе мәтіндерін иемдену, көбінесе өз атымен басқа біреудің туындысын жариялау, сондай-ақ сілтеме жасамай басқа біреудің туындыларынан үзінділер келтіру.

- Өзіндік плагиат (Самоплагиат) - автордың өзі бұрын жариялаған өз шығармаларын толықтай, немесе бөліктерін мазмұнын өзгертусіз басқа тақырыппен қайта жариялау.

- Деректерді ойдан шығару - деректерді немесе зерттеу нәтижелерін кейіннен жариялай отырып, оларды қолдан жасау.

- Деректерді бұрмалау - зерттеу жүргізу кезінде пайдаланылатын материалдарды, жабдықтарды немесе процестерді манипуляциялау, сондай-ақ деректерді немесе зерттеу нәтижелерін өзгерту немесе өшіру.

6. Кодекстің қолданылу шектері. Кодекс талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік. Кодексті қайта қарау тәртібі

6.1. Осы Кодекс университет шегінде қолданылады және университеттің барлық оқытушылары мен қызметкерлері үшін міндетті күшке ие.

6.2. Кәсіби этиканы бұзғаны үшін жауапкершілік дәрежесін Әдеп жөніндегі кеңес айқындайды. Егер адамгершілік - этикалық нормаларды бұзу бір мезгілде құқықтық нормаларды қозғайтын болса, университет оқытушылары мен қызметкерлері ҚР заңнамасына сәйкес жауапты болады.

6.3. Еңбек міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін ПОҚ және университеттің өзге де қызметкерлері ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

6.4. Осы Кодекстің жекелеген ережелерін қайта қарауды және түсіндіруді университет оқытушыларынан, қызметкерлерінен және білім алушыларынан келіп түскен ұсыныстарды ескере отырып, Әдеп жөніндегі кеңес жүзеге асырады.

6.5. Университет осы Кодекстің бұзылғанына сенуге негіз бар университеттің қызметкерлері мен білім алушылары комплаенс қызметінің тікелей басшыларына немесе мамандарына осы Кодексті бұзған немесе бұзуға ықтимал мүмкіндігі бар адамдар туралы дереу хабарлайды деп күтеді.

6.6. Осы Кодекстің ережелері бойынша нақты кеңестер алу үшін өз басшысына немесе комплаенс қызметіне жүгінуге болады.

6.7. Университет осы Кодекстің талаптарын сақтауға кепілдік береді.